

"Қазақстан Республикасының Құрлықшілік мемлекеттердің транзиттік саудасы туралы конвенцияға қосылуы және оны ратификациялауы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қыркүйектегі N 845 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Қазақстан Республикасының Құрлықшілік мемлекеттердің транзиттік саудасы туралы конвенцияға қосылуы және оны ратификациялауы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Құрлықшілік мемлекеттердің транзиттік саудасы туралы конвенцияға қосылуы және оны ратификациялауы туралы

Қазақстан Республикасы 1965 жылғы 8 шілдеде Нью-Йоркте жасалған Құрлықшілік мемлекеттердің транзиттік саудасы туралы конвенцияға қосылсын және оны ратификацияласын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Біріккен Ұлттар Ұйымының теңізге шыға алмайтын елдердің транзиттік сауда мәселелері жөніндегі конференциясы

ҚҰРЛЫҚШІЛІК МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ТРАНЗИТТІК САУДАСЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯСЫ

Біріккен Ұлттар Ұйымы

1966

ҚҰРЛЫҚШІЛІК МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ТРАНЗИТТІК САУДАСЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯСЫ

КІРІСПЕ

Осы Конвенцияның Тараптары болып табылатын мемлекеттер,
Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 55-бабы Ұйымның экономикалық үдеріс шарттарына және экономика саласындағы халықаралық мәселелерді кеңейтуге ықпал етуін талап ететінін ескерте отырып,

Бас Ассамблея "халықаралық сауданы көтермелеу үшін транзиттің тиісті шарттарында, теңіз шекаралары жоқ мемлекеттер мұқтажын мойындай отырып", Ұйымға мүше мемлекеттердің үкіметтеріне "теңіз шекаралары жоқ Ұйымға мүше мемлекеттердің транзиттік сауда саласындағы мұқтаждарын толық мойындай отырып және сондықтан да теңіз шекаралары жоқ мемлекеттерді экономикалық дамыту нәтижесінде туындайтын келешек қажеттіліктерді ескере отырып, осыған қатысты халықаралық құқық пен тәжірибе негізінде оларға тиесілі шарттарды қамтамасыз ететін өтініш жасаған Бас Ассамблеяның теңіз шекаралары жоқ елдер туралы және халықаралық сауданы кеңейту туралы 1028 (XI) қарарын атап көрсете отырып,

ашық теңіз барлық ұлттар үшін ашық және ешбір мемлекет оның қандай да бір бөлігі өзінің егемендігіне бағындыруға ұмтылуына құқылы емес деп мәлімделген Ашық теңіз туралы конвенцияның 2-бабын, сондай-ақ аталған Конвенцияның мыналар көзделген 3-бабын назарға ала отырып:

"1. Теңіз жағалауы жоқ мемлекеттердің жағалау мемлекеттерімен тең құқықта теңіздер еркіндігі пайдалану үшін теңізге еркін кіру мүмкіндігі болуы тиіс. Осы мақсат үшін теңіз бен теңіз жағалауы жоқ мемлекеттің арасында орналасқан мемлекет, осы соңғысымен жалпы келісім бойынша және қазіргі халықаралық конвенцияларға сәйкес:

" а) теңіз жағалауы жоқ мемлекетке өзара негізде өз аумағы арқылы еркін жол б е р е д і ж ә н е

" б) осы мемлекеттің туын көтеріп жүзуші кемелерге өз кемелерімен немесе басқа мемлекеттердің кемелерімен тең жағдайда теңіз порттарына және осы порттарды пайдалануға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

" 2. Теңіз бен теңіз жағалауы жоқ мемлекеттің арасында орналасқан мемлекеттер, осы соңғысымен жалпы келісім бойынша және жағалау мемлекетінің немесе аумағы арқылы транзит жасалатын мемлекеттің құқықтарын, сондай-ақ теңіз жағалауы жоқ мемлекеттегі ерекше жағдайларды есепке ала отырып, егер осындай мемлекеттер халықаралық конвенциялардың қазірдің өзінде тараптары болып табылмаса, транзит еркіндігіне қатысты және порттарды пайдаланудағы теңдіктің барлық мәселелерін ш е ш е д і " .

Біріккен Ұлттар Ұйымының Конференциясы сауда және дамыту мәселелері жөніндегі төменде айтылған қағидаттарды, осы қағидаттар өзара байланысты деп саналатын және әрбір қағидат мынадай қалған қағидаттар ескеріле отырып түсіндіріледі деген шартта тағы растай отырып:

I қ а ғ и д а т

Теңізге шыға алмайтын әрбір мемлекеттің теңізге еркін кіру құқығын мойындау халықаралық сауданы кеңейту және экономикалық даму үшін елеулі түрде қажет.

II қ а ғ и д а т

Аумақтық және ішкі суларда теңізге шыға аламайтын мемлекеттің туын көтеріп

жүзуші кеме, осы жағалау мемлекетінің кемелерін қоспағанда, теңіз мемлекеттерінің туын көтеріп жүзуші кемелер пайдаланатындай құқықтарды да және режимді де пайдаланады.

I I I қ а ғ и д а т

Теңіз мемлекеттерімен тең құқықта теңізде жүзу еркіндігін пайдалану үшін теңізге шыға алмайтын мемлекеттің теңізге еркін кіру мүмкіндігі болуы тиіс. Осы мақсат үшін теңіз бен теңізге шыға алмайтын мемлекеттің арасында орналасқан мемлекеттер, осы соңғысымен жалпы келісім бойынша және қазіргі халықаралық конвенцияларға сәйкес өз кемелерімен немесе басқа мемлекеттердің кемелерімен теңдік шарттарында осы мемлекеттің туын көтеріп жүзуші кемелерге теңіз порттарына және осы порттарды пайдалануға қол жеткізу мүмкіндігін береді.

I V қ а ғ и д а т

Теңізге шыға алмайтын мемлекеттердің экономикалық дамуына жан-жақты ықпал ету мақсатында барлық мемлекеттер теңізге шыға алмайтын мемлекеттерге өзара негізде, олар барлық жағдайда және тауарлардың барлық түрлеріне қатысты өңірлік және халықаралық саудаға еркін қатыса алатындай еркін және шектелмеген транзит құқығын береді.

Транзиттік тауарларға кедендік баж салынбауы тиіс.

Транзиттік көлік құралдарынан транзит елінің көлік құралынан алынатын салықтардан немесе алымдардан аспайтын арнайы салықтар немесе алымдар алынбауы тиіс.

V қ а ғ и д а т

Транзит мемлекетінің өз аумағында толық егемендікті сақтай отырып, еркін және шектелмеген транзит құқығын пайдаланудың оның кез келген түрдегі заңды мүддесін бұзбауын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қолдануға құқығы бар.

V I қ а ғ и д а т

Әралуан географиялық аудандардағы теңізге шыға алмайтын елдердің алдында тұрған сауда және даму саласындағы арнайы және ерекше мәселелерді шешуге жалпы тәсіл эволюциясын үдету үшін барлық мемлекеттер осыған бағытталған өңірлік және басқа да халықаралық келісімдердің қорытындыларын көтермелеуі тиіс.

V I I қ а ғ и д а т

Теңізге шыға алмайтын елдерге олардың географиялық орналасу ерекшелігіне қарай берілетін жеңілдіктер мен ерекше құқықтар ең қолайлы жағдай қағидаты әрекетіне түспейді.

V I I қ а ғ и д а т

Теңізге шыға алмайтын мемлекеттің теңізге еркін кіруіне құқық белгілейтін қағидаттар осы мәселелерге қатысы бар екі немесе бірнеше уағдаласушы тараптар арасындағы қазіргі келісімдерді еш жағдайда жоймайды және келешекте осы келісімдерде жоғарыда айтылған ережелерден қолайсыздау немесе сол ережелерге

қайшы келетін режим орнатылмайтын жағдайда осындай келісімдер жасасуға кедергі болмайды.

Төменгілер туралы келісті:

1 - б а п

Анықтамалар

О с ы К о н в е н ц и я д а :

а) "құрлықішілік мемлекет" деп теңіз жағалауы жоқ кез келген Уағдаласушы мемлекет түсініледі.

б) "транзиттік қозғалыс" деп құрлықішілік мемлекет пен теңіз арасындағы қандай да бір Уағдаласушы мемлекеттің аумағы арқылы, тауар-багажды қоса алғанда, тауарлардың жүруі, осы жүру толық жолдың осы құрлықішілік мемлекеттің аумағы шегінде басталатын немесе аяқталатын және осындай ілесіп жүрудің тікелей алдындағы немесе одан кейінгі теңізбен тасымалдау кіретін бөлігі болып табылатын жағдайларда түсініледі. Қайта тиеу, жинау, жүк топтарын ұсақтау топтарға бөлу және осындай тауарларды тасымалдау әдісін өзгерту, сондай-ақ машиналарды және үлкен заттарды жинау, бөлшектеу немесе қайталап жинау, осындай операциялардың кез келгені тек тасымалдаудың қолайлығы мақсатында ғана жүргізілу жағдайында тауарлардың ілесіп жүруін "транзиттік қозғалыс" ұғымынан алып тастауға әкелмейді.

Осы тармақта ештеңеде кез келген Уағдаласушы мемлекетті оның аумағында осындай жинау, бөлшектеу немесе қайталап жинау үшін тұрақты қондырғылар құруға немесе осы қондырғыларды құруға рұқсат беруге міндеттейтін ереже деп қаралмауы т и і с .

с) "транзиттік мемлекет" деп аумақтары арқылы "транзиттік қозғалыс" жүзеге асырылатын құрлықішілік мемлекет пен теңіз арасында орналасқан теңіз жағалауы бар да және теңіз жағалауы жоқ та кез келген Уағдаласушы мемлекет түсініледі.

d) "көлік құралдары" сөйлемшесі:

i) Кез келген теміржол жылжымалы құрамын, кез келген теңіз және өзен кемесін және ж о л к ө л і г і құ р а л д а р ы н ;

ii) Жергілікті жағдайлар бойынша бұл талап етілетініне қарай жүк тасушыны және т ең д е п жү к а р т ы л а р ж а н у а р л а р д ы ;

iii) Басқа да көлік құралдарын, сондай-ақ мүдделі Уағдаласушы мемлекеттер арасындағы келісімдер бойынша - құбырларды және газ құбырларын білдіреді, егер олар осы бапта түсінілетіндей транзиттік қозғалыс үшін пайдаланылатын болса.

2 - б а п

Транзит еркіндігі

9. Осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес транзиттік қозғалысқа және көлік құралдарына транзит еркіндігі қамтамасыз етіледі. Осы Конвенцияның басқа ережелерін сақтау жағдайында Уағдаласушы мемлекеттер аумақтары арқылы тасымалдарды реттеу және жүзеге асыру үшін қолданатын шаралар мүдделі

Уағдаласушы мемлекеттер үшін транзитке қатысты өзара қолданылымды маршруттарды пайдалану бойынша транзиттік қозғалысқа ықпал ететін болады. Осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес тауарлардың шығарылған жері, жөнелту, әкелу, әкету немесе тағайындалу белгісі бойынша не тауарларға меншік иесі құқығына немесе кемелерге, жер үсті көлік құралдарына немесе өзге де пайдаланылатын көлік құралдарына, тіркеу орнына немесе көрсетілген көлік құралдары туына қатысты кез келген жағдайға байланысты ешқандай кемсітушілік жүргізілмейді.

2. Екінші Уағдаласушы мемлекеттің аумағының бөлігі немесе бүкіл аумағы арқылы өтетін көлік құралдарын пайдалануды реттейтін ереже мүдделі Уағдаласушы мемлекеттер арасындағы өзара келісім бойынша, олар қатысушысы болып табылатын көп жақты халықаралық конвенциялар есепке алына отырып белгіленеді.

3. Әрбір Уағдаласушы мемлекет өздерінің заңдарына, ережелеріне және қаулыларына сәйкес өз аумағы арқылы ілесіп жүруге немесе жүруі транзиттік қозғалыс үшін қажетті тұлғаларға осындай аумаққа кіруіне рұқсат береді.

4. Уағдаласушы мемлекеттер өздерінің аумақтық сулары арқылы транзиттік қозғалысқа әдеттегі халықаралық құқық немесе халықаралық конвенциялардың қолданылуына жататын қағидаттарына сәйкес, сондай-ақ өздерінің ішкі ережелеріне сәйкес рұқсат етеді.

3 - б а п

Кеден баждары және ерекше транзит алымдары

Транзиттік қозғалыс транзит мемлекеттің аумағында қандай да болмасын билік орындары тарапынан импортқа немесе экспортқа немесе транзитке байланысты ерекше алымдарға байланысты алынатын кеден баждары немесе салықтары салынбайды. Солай болса да, мұндай транзиттік қозғалысқа транзитке байланысты қадағалау жөніндегі шығыстарды және әкімшілік шығыстарды жабуға ғана арналған алымдар салынады. Осы алымдардың ставкасы оларды жабуға арналған шығыстарға барынша сәйкес келуі тиіс және осы ережені сақтаған жағдайда алымдар 2-баптың 1-тармағында белгіленген кемсітушілікті жібермеу туралы талаптарға сәйкес алынуы тиіс.

4 - б а п

Көлік құралдары және тарифтер

1. Уағдаласушы мемлекеттер оларда бар мүмкіндіктерге байланысты әкелу, әкету пункттерінде, қажет болған жағдайда - қайта тиеу пункттерінде транзиттік қозғалыс ақталмаған кідіртулерсіз жүзеге асырылу үшін тиісті көлік құралдарын және тиеу-түсіру жабдығын беруге міндеттенеді.

2. Уағдаласушы мемлекеттер мемлекет пайдаланатын немесе мемлекеттің басқаруындағы құрылғыларды пайдаланатын транзиттік қозғалысқа көлік жағдайын және коммерциялық бәсекелестік ойларды есепке ала отырып, ставкаларға да және оларды қолдану шарттарына да қатысты ақылға сыйымды болатын тарифтер мен алымдарды қолдануға міндеттенеді. Осы тарифтер немесе алымдар транзиттік

қозғалысты барынша жеңілдететіндей етіп белгіленеді және Уағдаласушы мемлекеттер олардың аумағы арқылы теңізге шыға алатын елдердің тауарларын тасымалдау кезінде қолданатын тарифтер мен алымдардан аспауы тиіс. Осы тармақтың ережелері тарифтер мен алымдарды Уағдаласушы мемлекет белгілейтін немесе бекітетін жағдайларда кәсіпорындар немесе жеке тұлғалар пайдаланатын немесе олардың басқаруындағы құрылғыларды пайдаланатын транзиттік қозғалысқа қолданылуы мүмкін тарифтер мен алымдарға да қолданылады. Осы тармақта қолданылатын "құрылғы" ұғымы пайдаланғаны үшін тарифтер немесе алымдар алынатын көлік құралдарын, порт құрылыстарын және жолдарды қамтиды.

3. Су жолдарында құрылған, транзит мақсатында пайдаланылатын тіркеп сүйреудің әр түрлі монополиялық қызметі кемелердің транзиттік өтуіне кедергі жасамайтындай етіп ұйымдастырылуы тиіс.

4. Осы тармақтың ережелері 2-баптың 1-тармағында белгіленген кемсітушілік жібермеу туралы шарттарды сақтаумен қолданылуы тиіс.

5 - б а п

Кедендік, көліктік және басқа да нысандылықтарға қатысы бар әдістер мен құжаттама

1. Уағдаласушы мемлекеттер еркін, кедергісіз және тұрақты транзиттік қозғалысқа рұқсат ететін әкімшілік және кедендік шаралар қолданады. Қажет болған жағдайда олар айтылған транзиттік қозғалысты қамтамасыз ету және жеңілдету жөніндегі шараларға қатысты келісімге қол жеткізу үшін келіссөздер жүргізуі тиіс.

2. Уағдаласушы мемлекеттер транзиттік қозғалысқа қатысты, олардың аумағы бойынша барлық транзиттіклесін жүру бойында, әр түрлі қайта тиеуді, жинауды, жүк топтарын аса ұсақ топтарға бөлу және осындай ілесіп жүру кезінде болуы мүмкін тасымалдау әдісіндегі өзгерісті қоса алғанда, оңайлатылған құжаттаманы және кедендік , көліктік және басқада әкімшілік нысандылықты орындаудың жылдам әдістерін пайдалануға міндеттенеді.

6 - б а п

Транзиттік жүктерді сақтау

1. Әкелу және әкету пункттерінде және транзиттік мемлекеттің аралық пункттерінде транзиттік жүктерді сақтау шарттары мүдделі мемлекеттер арасындағы келісім бойынша белгіленуі мүмкін. Транзиттік мемлекеттер осы елдерге келетін немесе осы елдерден жөнелтілетін жүктер үшін ұсынылатындай ең аз дегенде қолайлы жағдай ұсынады.

2. Тарифтер мен алымдар 4-бапқа сәйкес белгіленеді.

7 - б а п

Транзиттік қозғалыстағы кідіртулер немесе қиыншылықтар

1. Ырық бермейтін күштер жағдайын қоспағанда, Уағдаласушы мемлекеттер транзиттік қозғалыстағы кідіртулер мен шектеулерді болдырмау үшін барлық ш а р л а р д ы қ о л д а н а д ы .

2. Егер транзиттік қозғалыста кідіртулер немесе басқа да қиыншылықтар болса, транзиттік мемлекеттің немесе транзиттік мемлекеттердің құзыретті билік орындары мен құрлықішілік мемлекеттік құзыретті билік орындары оларды тез жою мақсатында ынтымақтасады.

8 - б а п

Еркін аймақтар және басқа да кеден мүмкіншіліктері

1. Транзиттік мемлекеттердің әкелу және әкету порттарында, осы мемлекеттер мен құрлықішілік мемлекеттер арасындағы келісім бойынша транзиттік қозғалыстың қолайлылығы үшін еркін аймақтар немесе басқа да кеден мүмкіншіліктері құрылуы м ү м к і н .

2. Осы түріндегі мүмкіншіліктер теңіз жағалауы немесе теңіз порттары жоқ басқа да транзиттік мемлекеттерде құрлықішілік мемлекеттер үшін жасалуы да мүмкін.

9 - б а п

Анағұрлым маңызды мүмкіншіліктер беру

Осы Конвенция осы Конвенцияда көзделген мүмкіншіліктерден анағұрлым маңызды және олар Конвенция қағидаттарына сәйкес болу жағдайында олар туралы Уағдаласушы мемлекеттер өзара келіскен немесе оларды қандай да бір Уағдаласушы мемлекет берген транзиттік мүмкіншіліктерді пайдалануға арналған құқықтан айыруға еш жағдайда әкеп соқпайды. Сондай-ақ, Конвенция келешекте осындай анағұрлым маңызды мүмкіншіліктерді пайдалануға арналған құқығын беруге кедергі жасамайды.

1 0 - б а п

Ең қолайлы жағдай туралы ескертпеге қарым-қатынас

1. Уағдаласушы мемлекеттер құрлықішілік мемлекеттерге олардың географиялық ерекше жағдайы себебінен осы Конвенция ұсынатын мүмкіншіліктер мен арнайы құқықтарға қатысты ең қолайлы жағдай туралы ескертпенің әрекеті қолданылмайтыны туралы келіседі. Осы Конвенцияның қатысушылары болып табылмайтын құрлықішілік мемлекет осы Конвенцияға сәйкес құрлықішілік мемлекеттерге берілетін мүмкіншіліктер мен құқықтарға, осындай мүмкіншіліктер мен арнайы құқықтарды беретін осы құрлықішілік мемлекеттер мен Уағдаласушы мемлекеттің арасындағы шартта көзделген ең қолайлы жағдай туралы ескертпе негізінде ғана үміттенеді.

2. Егер қандай да бір Уағдаласушы мемлекет қандай да бір құрлықішілік мемлекетке осы Конвенцияда көзделетіннен маңыздырақ мүмкіншіліктер мен арнайы құқықтар берсе, осындай мүмкіншіліктер мен арнайы құқықтарды кез келген басқа құрлықішілік мемлекетке бермеу осындай мүмкіншіліктер мен арнайы құқықтар беретін осындай басқа құрлықішілік мемлекеттер мен Уағдаласушы мемлекеттің арасындағы қандайда бір шарттағы ең қолайлы жағдай туралы ережелерге

қарама-қайшы келетін жағдайды қоспағанда, осы мүмкіншіліктер мен арнайы құқықтар беруді осы құрлықшілік мемлекетпен шектеуге болады.

1 1 - б а п

Денсаулық сақтау, қауіпсіздік және зияткерлік меншікті сақтау мақсатында конвенциядан алып тастау

1. Осы Конвенция бірде-бір Уағдаласушы мемлекетті оның аумағына келуге тыйым салынған тұлғалардың транзитін немесе адамгершілік, денсаулық сақтау немесе қоғам қауіпсіздігі мақсатында не жануарлар мен өсімдіктердің ауруына қарсы немесе зиянкестерге қарсы сақтық шаралары ретінде әкелуге рұқсат етілмейтін тауарлардың транзитін жіберуге міндеттемейді.

2. Әрбір Уағдаласушы мемлекеттің қажетті сақтық шараларын қабылдауға және тұлғалар мен тауарлардың, әсіресе монополия бар тауарлардың іс жүзінде транзитпенлесіп жүруін және көлік құралының іс жүзінде осындай тауарларды тасымалдау үшін пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ жол мен хабар беру құралдарының қауіпсіздігі үшін басқа да шаралар қабылдауға құқығы бар.

3. Қандай да бір Уағдаласушы мемлекет ол қатысушысы болып табылатын қандай да бір жалпы халықаралық конвенцияның қаулыларын орындау үшін қабылдауға мәжбүр болуы мүмкін шараларды, осындай конвенция әлемдік немесе өңірлік сипатта болуына және оның осы конвенция жасалған күні жасалуына немесе келешекте жасалуына қарамастан, осындай қаулылар мыналарға қатысы бар жағдайда, осы Конвенцияда ештеңе қозғамайды:

а) экспортқа импортқа немесе есірткі немесе басқа да қауіпті дәрі-дәрмек құралдары немесе қару-жарақ сияқты тауарлардың белгілі бір түрлерінің транзитіне, немесе

б) өнеркәсіп, әдебиет немесе көркем өнер меншіктерін қорғауға немесе фирмалық атаулар мен шығу тегі көрсетулерін немесе шыққан жерлері атауларын қорғауға, соған тең жосықсыз бәсекелестікті болдырмауға.

4. Кез келген Уағдаласушы мемлекетке өзінің елеулі қауіпсіздік мүдделерін қорғау үшін қажетті қандай да бір шараларды қабылдауға осы Конвенцияда ештеңе кедергі жасамайды.

1 2 - б а п

Төтенше жағдайларда алып тастау

Уағдаласушы мемлекет оның саяси өмір сүруіне немесе қауіпсіздігіне қауіп төндіретін төтенше жағдайлар туындаған кезде қабылдауға мәжбүр жалпы немесе жеке сипаттағы шаралар айрықша жағдайларда және мүмкіндігінше өте қысқа кезең ішінде, осы кезең ішінде барынша мүмкін шамада транзит еркіндігі қағидаты сақталу шартында осы Конвенцияның ережелерінен шегінуге әкелуі мүмкін.

1 3 - б а п

Конвенцияны соғыс уақытында қолдану

Осы Конвенция соғыс уақытында соғысушы және бейтарап тараптардың құқықтары мен міндеттерін белгілемейді. Алайда Конвенция соғыс уақытында осындай құқықтар мен міндеттер ескеріле отырып, бұл мүмкін болатындай шамада күшінде қалады.

1 4 - б а п

Конвенция жөніндегі міндеттемелер және Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттердің құқықтары мен міндеттері

Осы Конвенция қандай да бір Уағдаласушы мемлекетке Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі ретінде оның құқықтары мен міндеттеріне қайшы келетін ешқандай міндеттемелер жүктемейді.

1 5 - б а п

Өзара түсіністік

Осы Конвенцияның ережелері өзара түсіністік негізде қолданылады.

1 6 - б а п

Дауларды шешу

1. Осы Конвенцияның ережесін түсіндіруге немесе қолдануға байланысты туындауы мүмкін және келіссөздер жолымен немесе дауларды шешудің басқа да бейбіт құралдармен тоғыз ай ішінде шешілмеген кез келген дау тараптардың бірінің өтініші бойынша төрелік сот жолымен шешіледі. Төрелік сот комиссиясы үш мүшеден тұрады. Әрбір тарап дауда Комиссияның бір мүшесін тағайындайды, ал төраға болуы тиіс үшінші мүшесі тараптардың жалпы келісуімен сайланады. Егер тараптар үш ай ішінде Комиссияның үшінші мүшесін тағайындау туралы келісімге келмесе, Комиссияның үшінші мүшесін Халықаралық Соттың Төрағасы тағайындайды. Егер тараптардың әрқайсысы үш ай ішінде талап етілетін тағайындауды жасамаса Халықаралық Соттың Төрағасы қалған ваканцияны немесе ваканцияларды толтырады.

2. Төрелік сот комиссиясы оған табыс етілетін мәселелерді жай көпшілік дауыспен ш е ш е д і .

3. Төрелік сот комиссиясы немесе осы Конвенция бойынша дауларды шешу тапсырылатын басқа да халықаралық органдар даулардың болуы және сипаты туралы және оларды шешу шарттары туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы арқылы басқа Уағдаласушы мемлекеттерге хабарлайды.

1 7 - б а п

Қол қою

Осы Конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше бүкіл елдердің немесе кез келген мамандандырылған мекеменің немесе Халықаралық Сот Мәртебесінің қатысушысы болып табылатын мемлекеттердің, сондай-ақ БҰҰ Бас Ассамблеясы Конвенция қатысушысы болуға шақырған кез келген басқа мемлекеттің қол қоюы үшін 1965 жылғы 31 желтоқсанға дейін ашық.

1 8 - б а п

Бекіту

Осы Конвенция бекітуге жатады. Бекітілген грамоталар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына сақтауға тапсырылады.

1 9 - б а п

Қосылу

1. Осы Конвенция 17-бапта көрсетілген айтылған төрт санаттың біріне жататын кез келген мемлекеттің қосылуына ашық. Қосылу туралы актілер Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына сақтауға тапсырылады.

2 0 - б а п

Күшіне ену

1. Осы Конвенция кем дегенде екі құрлықшілік мемлекет немесе теңіз жағалауы бар екі транзит мемлекет бекітілген грамоталарды немесе қосылу туралы актілерді сақтауға тапсырған күннен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес осы Конвенцияның күшіне енуі үшін қажетті бекітілген грамоталарды немесе қосылу туралы актілерді сақтауға тапсырғаннан кейін Конвенцияны бекітетін немесе оған қосылатын әрбір мемлекетке қатысты осы мемлекет өзінің бекітілген грамотасын немесе қосылу туралы актісін сақтауға тапсырған күннен кейін отызыншы күні күшіне енеді.

2 1 - б а п

Қайта қарау

Уағдаласушы мемлекеттердің үштен бірінің талабы бойынша және Уағдаласушы мемлекеттердің көпшілігінің келісуімен Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы осы Конвенцияны қайта қарау мақсатында конференция шақырады.

2 2 - б а п

Бас хатшы жіберетін хабарламалар

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы 17-бапта көрсетілген төрт санаттың біріне жататын барлық мемлекетті мыналар туралы хабардар етеді:

- а) осы Конвенцияға қол қойғаны және 17, 18 және 19-баптарға сәйкес бекітілген грамоталарды немесе қосылу туралы актілерді сақтауға тапсыру туралы;
- б) 20-бапқа сәйкес осы Конвенцияның күшіне ену күні туралы;
- с) 21-бапқа сәйкес осы Конвенцияны қайта қарау туралы талаптар туралы.

2 3 - б а п

Мағынасы бірдей мәтіндер

Мәтіндері бірдей болып табылатын орыс, ағылшын, испан, қытай және француз тілдеріндегі осы Конвенцияның түпнұсқасы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына сақтауға тапсырылатын болады, ол оның расталған көшірмелерін 17-бапта көрсетілген төрт санаттың біріне жататын бүкіл мемлекеттерге жібереді.

Осыны куәландыру үшін тиісті дәрежеде өз үкіметтері уәкілеттік бергендер осы Конвенцияға қол қойды.

Нью-Йоркте бір мың тоғыз жүз алпыс алтыншы жылғы сегізінші шілдеде Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық мекемелерінде жасалды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК